

2 - б ө л і м Ф И Л О Л О Г И Я



Р а з д е л 2 Ф И Л О Л О Г И Я

Н. Абдраимова

ҚЫТАЙДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНА ТАРАЛУ СИПАТЫ

Ұлы Жібек жолы ежелде шығыста батыс Хань империясының астанасы Чанъан қаласынан басталып, Орталық Азия арқылы Еуропаға дейін жететін. Оның ұзындығы жеті мың километрді құрайтын. Ежелгі Хань дәуірінен бастап, б.э. XIX-шы ғасырға дейін, Ұлы жібек жолында сауда-саттық қатынасы дамып, халықтар арасында саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастар дамып жатты. Ұлы Жібек жолы Қытай мен Орталық Азияның және басқа да халықтардың мәдени жетістіктерінің алмасуының жемісі әрі көрсеткіші болып табылады.

Ұлы Жібек жолы шын мәнінде әр түрлі халықтар мәдениеттерінің арасындағы өзара түсінушілік пен жақындасу жолы болды. Тарихшылардың зерттеулері бойынша, Ұлы Жібек жолындағы қалалар көптеген қанды соғыстарды, аштық пен қиыншылықтарды басынан өткерді. Ғасырлар бойы Ұлы Жібек жолы бойында әр тілде сөйлеген шығыс базарлар жұмыс істеп, жүздеген жылдар бойы шаң-тозаң жолдармен саудагерлер қымбат маталар мен асыл бұйымдарды, тәтті тағамдар мен әр түрлі бояуларды, алтын мен күміс, экзотикалық аңдар мен құстарды апаратын. Осылайша бір халықтың

мәдениеті жеке дара дами алмай, сыртқы ықпалдарға түсті.

Бұл сауда жолының «Ұлы жібек жолы» деп аталуы жібектің көптеп тасымалдануынан пайда болған еді. Екі мың жыл бұрын қытай жібегі Орталық Азияға жетіп, Орталық Азиядан басқа халықтарға да тарала бастады. Жібек тек тауар түрі ғана емес сонымен қатар, халықтың техника мен материалдық мәдениетінің даму көрсеткіші болып табылады. Жібек жасау техникасының дамуына байланысты, Қытайдың жібек мәдениеті қалыптасты. Жібек жеңіл, әрі көп орынды қажет етпегендіктен, тасымалдауға өте ыңғайлы болды. Керуен жолдарының барлық бағытында қымбатшылығына қарамастан, үлкен сұранысқа ие болды. Жібек маталар ерекше жұмсақ әрі нәзік, көз жауын алатын сәнді болғандықтан, көптеген халықтар оны сатып алып, иемденуге тырысатын. Ол әсіресе Шығыс Түркістан мен Орта Азияда, Үндістан мен Римде үлкен сұранысқа ие болды. Жібектің тасымалдануы көптеген дипломатиялық мақсаттарды жүзеге асыруға да себепкер болды. Жібектің күшімен бейбітшілік пен тыныштық сатып алынып, келісім-шарттардың сәтті аяқталуына негіз болды.

Осылайша жібектің халықаралық қатынаста үлкен ролі айқындалды.

Қытай тарихын көптеген ғалымдар зерттегенімен, бірақ Қытай мен Орталық Азия халықтарының мәдени байланыстарының қалыптасуы мен дамуы, Орталық Азия халықтарының мәдениетінің Қытай мәдениетіне әсері және керісінше қытай мәдениетінің Орталық Азия халықтарының мәдениетіне тигізген әсері жеке зерттеу нысаны болмағанын көруге болады. Қытай мен Орталық Азия халықтары ежелгі заманнан бері бір-бірімен етене жақындасып, әр түрлі мәдени тұрмыстық қарым-қатынасқа түскен. Сол себептен де олардың арасындағы барыс-келісі жиі болатын.

Ал қытайдың жібек экспортының нәтижесінде Қытайдың мәдениеті Орталық Азия мен Еуропаға әсерін тигізді. Ұлы Жібек жолы бойымен тек Чжань Цяннің саяхатынан кейін ғана Орталық Азия Қытаймен саудаға тартылғанын дәлелдейтін көптеген айғақ заттар табылды. Оған көптеген қытай теңгелері мен қола айналар, жібек маталар, фарфор ыдыстар бола алады. Қытайдың әсерінен Орталық Азияда жібек мата жасау мен қағаз жасау дамыды.

X-шы ғасырдың ортасында Хань дәуіріне жататын жібек маталар туралы алғашқы мәліметтер пайда болды. Кореядан Англияға дейін созылған евразиялық континентте табылған жібек маталар бізге сауда жолдарының жүру бағыттарының және Хан империясының сыртқы әлеммен саяси, мәдени байланыстарының көрсеткіші болып табылады. Ал Ұлы Жібек жолының Орталық Азия арқылы өтуі Орталық Азия қалаларының бой көтеріп, дамуына септігін тигізді. Оларға: Бұхара, Самарқан, Отрар, Қашғар, Тұрфан, Хотан, Дуньхуан жатады.

Ұлы Жібек жолының тарихы жұмбақ пен құпияға толы. Оның бойында ежелгі өркениет ошақтары пайда болып, дамып, жойылып отырған, Ұлы Жібек жолының өмір сүрген уақыт аралығында жаңа этностар пайда болып, әр-түрлі соғыстар нәтижесінде бүтін халықтар жер бетінен жойылып кеткен. Белгісіз шеберлер құнды

мәдениет үлгілерін өмірге әкеліп, буддистік монахтардың рухани мәдениеті жоғарғы сатысына көтеріліп, атақты саяхатшылар керемет ашулар жасады. Сөйтіп, Ұлы Жібек жолын біз, мыңдаған жылдар бойы мәдениет ошақтарын байланыстырып тұрған мәдени көпір ретінде қарастыра аламыз. Ұлы Жібек жолы терминін алғаш рет XIX-шы ғасырдың 70-ші жылдарында неміс географы В. Рихтгофен ғылымға енгізген еді. Бұл атаудың пайда болуы да тегін емес еді. Керуен жолдарымен жібекке толы керуендер жүре бастағаннан бастап, Батысқа әлемді таңқалдырған жібектің тасымалдана бастауы жібектің құндылығын арттырып, жібек тіптен ақша орнына қолданыла бастады. Жібек жасау тәсілінің құпиясын біліп алу үшін, көрші халықтар көп күш жұмсаған еді. Әсіресе, бұл құпия көрші халықтардың ұйқысын бұзған еді. Батыс Өңірде де жібек өндірілмейтін. Сыма Цяннің естелігінде: «Ху адамдары тек мақта матасын ғана көрді, олар жібек құртының ағаш жапырақтарымен қоректеніп, жібек шығаратынына сенбейді. Батыс Өңір адамдары жібек матасын біледі, бірақ оны қалай өндіретінін білмейді», - деп жазған. Батыс Өңір ақсүйектері қажетті жібекті айырбастап алатын, сөйтіп өздеріне қажетті әсем киімдерді кие алатын, бірақ керуен жолдары арқылы келген жібектің бағасы өте қымбат болғандықтан, ақсүйектерге бұл жағдай маза бермей, жібек өндірісінің құпиясын ашуға қамшы болды. Жібек Батыс Өңірге әкелінгеннен кейін де Орталық Азия халықтары жібектің өндірілу сырын аша алмады.

Қытайдың Суй шу кітабының «Батыс Өңір жылнамасы» атты тарауында, жібекті ең алғаш Гаочан мен Хотан мемлекеттері өндіре бастағаны және Гаочан мемлекетінде жібек құртын өсіретіні жөнінде айтылады. Сонымен қатар, «Үлкен Таң» кітабының «Батыс Өңір естелігінде», «Жаңа Таң кітабының Батыс Өңір естелігінде» және «Хотан тарихында» Хотанның жібек өндіру тәсілі Қытайдан енгені туралы жазылады. «Үлкен Таң» кітабының «Батыс Өңір туралы естелігінің» 12-ші тарауында Хотанның

жібек өндіру тәсілі енгені туралы былай жазылады: «Алғашында Хотан халқы жібек құрты туралы хабары болмаған болатын, алайда Қытайда жібек құртының өсірілетінін естіп, өздеріне алып келуге құштар болды», - делінген /1/. Жібек құртының алғаш рет Хотанға таралғаны туралы аңыз белгілі. Хотанның билеушісі жібек өндірудің құпиясын білгісі келіп, әр түрлі айла-тәсілдерді қолданса да құпияны біле алмады, сөйтіп өзінің Юйчи Ху атты министрінің ақылымен ол қытай ханшайымына құда түседі. Құдалыққа императордың ризашылығын алғаннан кейін, Хотан билеушісінің құдалары ханшайымның құлағына: «Болашақ жарыңыздың отанында ғажайып нефрит өте көп, бірақ әсем жібек маталар жоқтың қасы, егер сіз тұрмысқа шыққаннан кейін де осындай әсем киім кигіңіз келсе, онда өзіңізбен бірге жібек құртының жұмыртқасын алып келуіңіз керек», - деп сыбырлайды. Ханшайым мемлекеттік құпияны ашарын да ашпасын да білмей күмәнданады, ақырында жібек құртының жұмыртқасын әсем түйілген шашының арасына тығып, ал қажетті тұқымдарды көптеген дәрілік шөптердің арасына салып қояды. Сөйтіп, шекара сақшыларының ханшайымның шашын тексеруге хұқықтары болмағандықтан, ханшайым жібек құртын Хотанға аман-есен алып келеді. Ханшайымның ой-ұшқырлығының арқасында ол өзінің нөкерлері ретінде жібек құртын өсіре алатын мамандарды да алып шығады. Ханшайым ханзаданың сарайы дайын болғанша уақытша Хотанның батысында орналасқан Машы деген жерде тұрады. Ханзаданың сарайына кетер кезде, ханшайым жібек құртының жұмыртқасын жергілікті халыққа беріп, арнайы адамдарға жібек құртын өсіруді тапсырып кетеді. Көктемде адамдар жібек құртын өсіруді бастайды. Алғашында адамдар жібек құртының тек тұт ағашының жапырақтарын ғана жейтінін түсінбей, оған әр түрлі ағаш жапырақтарын беріп көреді, бірақ ешқандай нәтиже шықпайды. Бірте-бірте ханшайым ұйымдастырған жібек өндірісі дами бастайды. Кейінірек Машы тұрғындары бұл істі есте сақтау үшін,

Машыда алғашқы жібек құртына арналған ескерткіш тұрғызады. Хотанға жасырын әкелінген Жібек өндіру технологиясы мен шикізаты көп ұзамай басқа халықтарға да тарайды /2/. «Хотан тарихында» да мынандай аңыз келтіріледі: «Ертеде Визая атты ханзада Қытай ханшайымын қалыңдыққа алып, ханшайым өзімен бірге жібек құртын ала келеді және де оны Машы деген жерде өсіреді», - деп жазылады. Сондай-ақ Хотанның батысында шашына жібек құртының жұмыртқасын жасырған ханшайымның суреті табылды. Жібек құртының Хотанға енуі шамамен Нанбэйчао дәуіріне жатады. Осыдан бастап, Хотанда тұт ағашы мен жібек құртын өсіру қарқынды дамиды. Осылайша жібек өндірісі бірте-бірте Батыс Өңірдің әр жеріне тарайды.

Орталық Азия халықтары жібек құртын өсіру технологиясының Батысқа таралуына түрткі болды. Бұл аңыз ақиқат па жоқ па оны ешкім дәлелдей алмайды, бірақ қалай болғанда да ғасырлар бойы сақталып келген құпия ақырында жария болды.

Номадтардың Қытай халқымен жүргізген сыртқы саудасы екі түрлі себептер мен жағдайларға байланысты жүріп отырды. Біріншіден, отырықшы халықпен тікелей айырбас жасау және отырықшы халықтар арасында делдал ролін орындау арқылы жүзеге асып отырды. Сюан Цзян өзінің Суябта түркі қағанымен кездескені жөнінде естелігінде былай деп жазады: «Көшпелілердің аттары керемет сұлу еді! Қағанның үстінде жасыл жібек матадан тігілген шапан бар еді. Оның басында тек ұзындығы 3,2 метр жібек матадан жасалған жіңішке лентамен байланған. Оның қасында шаштарын өріп қойып, зерлі матадан тігілген шапан киген 200-ден астам тархандар еріп жүрді. Қалған әскерилер аң терісінен тігілген киімдерді киіп, түркілердің жалаулары мен садақтарын алып жүрді. Түйелер мен аттарға мінген әскердің көптігі соншалық көзін қарауытып кететін», - деп жазды /3/. Қағанның қонақты қарсы алу салтанатты кешін суреттеген кезде, Сюань Цзян түркі ақсүйектерінің қымбат киімдеріне қатты қызыққанын жазады. Сондай-ақ ол өзінің

естелігінде қағанның берген сыйлықтары туралы баяндайды: “Қаған таңқұрай түстей сәтеннен тігілген киімдер мен елу бөлік жібек матасын сыйлыққа берді”, - деп жазады. Бұл көрініс жібектің екі ел арасындағы қарым-қатынасты дамытуда үлкен роль ойнағанын, сондай-ақ, қытай мәдениетінің жоғары сатыға көтерілгенінің көрсеткіші бола алады.

Әлемді таңқалдырған Қытайдың мәдени өмірінің тағы бір жетістігі қытайлықтардың қағазды ойлап табуы болды. Қағаздың пайда болуы адамзаттың мәдени даму тарихының үлкен жетістігі, сондай-ақ, Қытай халқының ақылдылығы мен даналығының жемісі болуымен қатар, Қытай халқының адамзаттың мәдени қазынасына, дамуына қосқан үлкен үлесі болып табылады. «Кейінгі Хань кітабында» қағаз жасау б.э.д. II-ші ғасырда Шығыс Хан династиясы кезінде пайда болғаны және б.э.д. 105 жылы Цайлун атты адамның ағаш қабығынан, матадан және балық аулайтын тордан жасаған қағазды императорға ұсынғаны және осы кезден бастап, бүкіл Қытай жерінде қағаз жасау тәсілін қолдана бастағаны туралы жазылады /2,148/. Қытай зерттеушілерінің 1978 жылы табылған қазба мәліметтеріне қарағанда, қағаз жасау негізінен Батыс Хан кезінде пайда болғаны және Цайлунның қағаз жасау тәсілін жетілдіргені жөнінде мәліметтер келтіріледі. Батыс Хань династиясы Ұлы Жібек жолы арқылы Батыс Өңірге жол ашқаннан кейін, қағаз жасау тәсілі Қытайдан Батыс Өңірге таралады. Себебі дәл осы кезде Қытай мен Орталық Азия халықтарының арасында үздіксіз қарым-қатынас пен мәдени байланыстың дамуы мәдениеттердің өзара байытылуының алғышарты болған еді. Қытайдың қағаз жасау өнерінің Орталық Азия халықтарына Таң дәуірі кезінде Талас шайқасынан кейін таралды деп есептелсе де, бірақ Таң дәуіріне дейін Орталық Азия халықтары бұл өнер түрімен таныс болмады деп айту жаңсақ пікір болар еді. Бұған қытай зерттеушілерінің Дунхуанда б.э. 312-313 жылына жататын қытай қағазына жазылған соғды тіліндегі хаттары бола алады. Бұл хаттар оратазиялық саудагерлердің Қытайда еліне

жазған хаттары еді. Осылайша Орталық Азия халықтары ертеден-ақ қытай қағазымен таныс болған деп тұжырымдай аламыз.

Қағаз жұмсақ, бағасы төмен, бояуларды жақсы сіндіретін болғандықтан, суретшілерді ерекше қызықтырып, ертеден-ақ Орталық Азия халықтарының қызығушылығын оятқан еді. Ағылшын зерттеушісі А. Стейннің Шыңжаңда жүргізген қазба зерттеулері нәтижесінде көне қағазда жазылған жазбалар табылды олар шамамен IV-ші ғасырдың басына жатады. Ғалымдардың жүргізген мұқият зерттеулері нәтижесінде бұл қағаздың ескі матаны қосып жасалғаны белгілі болды. Бұдан біз бұл қағаздың Цайлунның әдісімен жасалғанын, сондай-ақ, Цайлунның қағаз жасау тәсілінің ең алдымен Батыс Өңірге келгенін көреміз.

751 жылы Таң әскерлері Талас шайқасында арабтар мен түргеш әскерлерінен жеңілгеннен кейін, тұтқынға алынған қытай әскерлерінің арасында Ду Хуан атты әскери басшының жазған естелігінде, арабтарда қағаз жасайтын шеберлердің бар екенін жазады. Ал арабтардың тарихи жазбаларында, арабтар тұтқынға алынған әскердің арасында қағаз жасау өнерін жетік білетін шеберлердің көмегімен Самарқанда қағаз жасау шеберханасын құрады. Сөйтіп, Самарқан қаласы қағаз жасау орталығына айналды. Бұған дәлел ретінде XI-ші ғасырда өмір сүрген атақты араб ғалымы Аль-Бирунидің айтқан сөздері бола алады: «Алғашында қағаз жасау өнері Қытайда пайда болды. Қытай жауынгерлері қағаз жасау өнерін Самарқанға алып келгеннен кейін, халықтың қағазға деген мұқтаждығын қанағаттандыру үшін, Самарқанның әр жерінде қағаз жасайтын шеберханалар пайда болды», - деп жазады /4/. Сондай-ақ мұндай деректерді біз атақты араб ғалымы Талибидің зерттеулерінде де көре аламыз: «Самарқанның ерекше өндірісі қағаз жасау болып табылады. Самарқанда қағаз жасау шеберханалары пайда болғаннан кейін, теріден жасалған қағаз бірте-бірте қолданыстан шығып кетеді. Елде қағазға деген сұраныс күннен-күнге ұлғайып, Таң әскерлері жеңілгеннен кейін, Самарқанда

қағаз жасау өндірісі гүлденеді», - деп жазылады /5/. Самарқаннан ол бірте-бірте Батыс Азияға одан ары Еуропаға тарап, «Самарқан қағазы» деген атпен белгілі болды. Қазіргі кезге дейін, парсы тілінде Қытайдың қағаз жасау өнерінің таралуын және Парсы шығанағына енген қағазды «Самарқан қағазы» деп атайды.

Қағаздың пайда болуы халықтардың рухани мәдениетін қағаз бетіне түсіріп, ұрпақтарға баға жетпес мұра ретінде қалдыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, қағаз пайда болғаннан кейін, білім, ғылым тек ақсүйектердің уысына ғана түсетін қазына түрі емес, сондай-ақ, қарапайым халықтың да қолын жеткізді. Қағаз пайда болғаннан кейін кітап басу өнері де пайда болды.

Кітап басу өнері де қытай мәдениетінің ең үлкен жетістігі сонымен қатар, әлем мәдениетінің мәдени қазынасын байытқан өнер түрі болып табылады. Кітап басу өнерінің Батысқа таралу процесінде Орталық Азия «бірінші бекет» болып табылады. Кітап басу өндірісінің пайда болуы солтүстік Сұң империясымен тығыз байланысты еді. «Мың си битан» кітабының сегізінші тарауында жазылғандай «Кітап басу Таң дәуірінде гүлденіп, кітаптың қалыңдығы ақшаның қалыңдығымен бірдей болды», - деп жазылды. Кітап басу тәсілінің дамуы, рухани мәдениетті халыққа таруда үлкен үлесін тигізді. Солтүстік Сұң династиясы кезінде (1041-1048), кітап басудың бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып, шрифті пайда болды. Осылайша кітап басу өнері басқа халықтарға таралуы

халықтардың арасындағы мәдени қарым-қатынасты дамытуға үлкен септігін тигізді. Солтүстік Сұң династиясында кітап басудың пайда болуынан көп ұзамай, Орталық Азиядағы ұйғыр халқы кітап басуды үйренеді /6/. Қытай деректерінде кітап басу өнері Орталық Азияға Юань династиясы кезінде жетеді. Мысал ретінде Шыңғысханның немересінің ксилографияны кітап басуда қолдануды бұйырғаны бола алады. Осылайша кітап басу Орталық Азияда кең етек жаяды. Қытайдың кітап басу өндірісі Орталық Азия арқылы Батысқа тарайды. Ортаазиялық саудагерлер кітап басу мәдениетін таратуда негізгі рольді атқарды. Осылайша, олар халықтардың мәдени өмірін байытуға өз үлестерін қосады.

1. 王介南《中外文化交流史》，上海出版2004年，216
2. 刘迎胜《丝路文化》，浙江人民出版社1995年，144
3. 克林凯《丝路古道上的文化》新疆美术摄影出版社1994年，148
4. 余太山主编：《西域文化史》，中国友谊出版公司，1996年，105
5. 王介南《中外文化交流史》，上海出版2004年，215
6. [法] 费琅（编），耿昇等译：《阿拉伯波斯突厥人东方文献辑注》，中华书局1989年，93

В статье говорится о широком распространении материальной культуры Китая на Запад по трассам Великого Шелкового пути. О бесценном вкладе и влиянии культуры Китая на мировую культуру.

In the article it is said about the wide expansion of the material culture of China to the West by the roads of The Great Silk Way. About the invaluable contribution and impact of China's culture on the culture of the world.

А.А. Алыбаева

АРАБ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Салыстырмалы-тарихи және типологиялық тіл білімі, тікелей теоретикалық түрінен басқа қолданбалы өзгешелікке ие болуы қажет. Сондықтан, ізденудің объектісі саналатын тілдегі қазіргі мәселелерге жүгіну қажет. Қазіргі кезде Таяу Шығыс жайлы информацияны жеткізу туралы өткір сұрақтар туындап

отыр. Әсіресе, араб елдерінің құқықтық жүйесі жайлы мағлұмат жоқтың қасы. Негізінен елімізге Араб әлемі жайлы информация, сол елдерде болып жатқан процестер мен өзгерулер үшінші қолдан, немесе толыққанды емес күйде, немесе кешігіп келеді. Бәріне мәлім, ізденушінің